

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

3

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

МАМЫР
МАЙ
MAY

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

Berik. M. Atash¹, Turganbay. K. Abdrassilov², Kainar. K. Kaldybay²

¹Kazakh national university named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan,

²IKTU named after H. A. Yassawi. Turkestan, Kazakhstan.

E-mail: atash_berik@mail.ru, turganbay33@mail.ru, kaldibaykaynar@list.ru.

THE ISSUE OF MORALITY OF HUMANBEING FROM THE PERSPECTIVE OF FUTUROLOGY

Abstract. In this article, the relevance of the philosophical-anthropological approach to the problem of human morality, the essence of which is to isolate the meta-externality aspect of analysis along with an analysis of external and internal factors of human and human development, is considered. For a modern person, in the face of increasing information, the development of high technologies, the diversity of economic, political and especially cultural projects, it is becoming increasingly difficult to find ways to further develop and self-determine. In the face of increasingly complex social relationships, it is not surprising that there is a desire for certainty, confidence in its prospects. The desire of man to know the prospects and successfully solve, life problems is realized through interest as to futurology. For modern man and mankind, the main issues remain relevant, to which there is no unambiguous answer, the questions "who am I?" and "where are we going?". Under the conditions of the information society, a person is offered a variety of different ways of determining his future, while always claiming an exhaustive completeness, and mainly, a truth.

Keywords: Humanity, philosophy, morality, futurology and spiritual maturity.

ӨОЖ 141.7

Моральдік Б. Аташ¹, Т. Абдрасилов², Қ. Қалдыбай³

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан,

²Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК КЕЛБЕТІ ФУТУРОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС КОНЦЕПЦИЯСЫ

Аннотация. Ұстанымдар әдет-ғұрып пен салт-дәстүр арқылы реттелген, ол жай ғана адамгершілік ұстанымдар емес, белгілі бір деңгейде құқықтық-нормативтік ережелер болып есептелген. Біздіңше, болашақта болуы ықтимал ұлттық қауіпсіздік мәселелерінің бірі – рухани-моральдік дағдарыстар болуы ықтимал. Ол бүгінгі таңда анық байқалып келеді және рухани құлдыраушылық беталысы бар екендігі де әлеуметтік шындық. Мәселе, осы тұстан туындайды. Адамгершілік құлдыраушылық жалпы алғанда моральдік мәселе болғандықтан, ол заңмен реттелмейді. Осыдан, іргелі түйткілдер туындайды: «бұл құрылым қазақ қоғамында бұрын қалай реттелген?». Яғни, бүгінгі мораль деп атап жүрген қағидаттардың біраз бөлігі бұрынғы қазақ қоғамында «заң» түрінде бекітілген, ал бұзылған жағдайда «Ата-баба аруағын қорлады» деген айыппен арнайы жазаға кесілген. Демек басты мәселе, моральдік ұстанымдардың заңмен реттелуі тиіс аясы тарылып, жай ғана этика мен адамгершілікке айналып кеткендікте болып отыр. Шындығында, моральдік құлдыраулар әрбір адамның жеке басының ісі, ол үшін ешкімді де жазалауға болмайтын сияқты болып көрінгенмен, түбі іргелі саяси-әлеуметтік ахуалдарға алып келетін сынайлы. Сондықтан да, болашақта мұндай моральдік құлдыраулар жалғаса беретін болса, оның кейбір қырларын арнайы заңмен реттеу қажеттілігі туындайды деген сөз. Себебі, ұлттық тәрбие, дін сияқты әлеуметтік институттардың бүгінгі таңда моральдік құндылықтарды өз дәрежесінде сақтауға толықтай қуаты жетпей отыр деуге де болады.

Әлемнің кейбір елдерінде моральдік құлдырау белгілерін арнайы заңдастыру үдерісі жүріп жатыр: бір жыныстылардың некесі, жезөкшелер үйі т.б. Бұлардың қазақ қоғамына мүлде жат екендігі белгілі жайт,

мәселе, оларды «заманның ағымы» деп бүркемелемей, сақтану қажеттігі туралы болып отыр. Болашақта біздің елімізде де моральдік құлдыраулардың тым күшейіп кетіп, адамдардың бұл тұрғыдан алғанда «биороботтарға» айналуы ықтималдығы бір уақыттарда іргелі, тіпті саяси мәселеге айналуы қауіпін туғызып отыр.

Түйін сөздер: адамзат, философия, мораль, футурология, рухани кемелдену.

Болашақтағы адамзаттың рухани-моральдік келбетін бағдарлап, «жасампаздық футурология» тұрғысынан жаңа модельдер құру үшін алдымен, бұл мәселенің алғышарты мен шарты болып табылатын проблемалық алаңдағы заманауи сауалдарды таразылап алуымыз қажет: «Қазіргі адамзат қоғамында моральдік-рухани құлдырау бар ма?, жоқ па?: болса қандай деңгейде, болмаса оның бастапқы белгілері бар ма?».

Мысалы, 1912 жылы «Айқап» журналына жарияланған «Менің бес сауалыма жауап беруіңізді сұраймын» деген тақырыпта жазылған мақаласындағы: «Алланың адамды жаратқандағы мақсаты не? Адамға тіршілік не үшін керек? Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын рахат, бейнет бар ма? Ең жақсы адам не қылған кісі? Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма? Қай түрлі жауап берсеңіз де дәлеліңіз не?», – деп қойылып отырған мәселені, біз, бір ғасырдан соң қайтадан пікірталас алаңына шығарып отырмыз.

Осыған орай, қазіргі таңдағы теориялық және бұқаралық санадағы үш түрлі жауапты ұсынып, оларды саралап, дәйектемелер туындата аламыз: 1. Моральдік-рухани құлдырау жоқ; 2) Жауап беру қиын, белгісіз (бейтараптылық); 3) Моральдік-рухани құлдырау бар және оның алдын-алуымыз қажет. Ендеше, бұл үш бағытты тереңірек саралап, оны психоаналитикалық, феноменологиялық, прагматистік т.б. тұрғыдан зерделеп, аталған көзқарастардың ішкі ой-пікірлерін туындатып, негізгі бағдарларын талдап көрсетіп, мынадай пікірталастар алаңын туғыза аламыз.

1. Шындығында да, біздіңше, рухани-моральдік құлдырау жоқ, себебі:

а) ол – иллюзия, яғни, бізге солай сияқты болып көрінеді, керісінше, моральдік өрлеу бар. Мысалы, құл иеленушілік қоғам, оның әйгілі ойшылы Аристотельдің қуаттауы, абсолютті монархияны Г. Ф. Гегельдің қолдауы т.б. ескерсек, ондай қоғамдар бүгінгі күні білімсіздік қана емес, адамзаттың моральдік тұрғыдан дамымаған дәуірі болып есептелген еді. Ал бүгінгі таңдағы адамзат үшін құл иеленушілікті жаппай қолдау тым тұрпайылық қана емес, аморальдік құбылыс болып табылады. Орта ғасырдағы христиандардың, мұсылман дініне дейінгі арабтардың әйелдерге деген қатынасы (өз қыздарын олардан құтылу үшін тірілей көміп тастау), тіпті ХХ ғасырдағы фашизмдегі Концлагерлердегі әрекеттер т.б. салыстырғанда бүгінгі адамзаттың қаншалалықты рухани-моральдік тұрғыдан кемелденгендігінің куәсі бола аламыз.

б) ол консерваторлық аңсау – заманы өткендердің жаңаға бейімделе алмаушылығынан туған бейсаналық қорғаныш тетік (өз кінасын өзгеге көшіру – проекция); Бұны қарапайым ескі мен жаңаның, консерваторлар мен либералдардың арасындағы диалектикалық қайшылық деп те түсіндіруімізге болады. Ескілер мен консерваторлар тек қана моральдік-рухани сала емес, барлық жаңаларды жаны сүйе бермейді. Моральдік құлдырау мифі сол жаңаға деген жағымсыз көзқарастардың бірі ғана. Жаңаға бейімделе алмаушылық – оны жек көрумен келіп шартталады. Ол саналы-бейсаналы түрде жүзеге асатын үдеріс. Ескіні аңсаушылар үшін моральдік құндылықтардың өзгеруі болып отырған үдерістер рухани құлдырау сияқты болып көрінеді. Сондықтан, өз заманындағы құндылықтарға қайта оралуды аңсаушылық бейсаналы түрде туындап шығады. Сондықтан, ғасырлар бойғы «ұрпақтар рухани-моральдік тұрғыдан құлдырап бара жатыр» деген сарын осы артқа тартушы ескілердің көпшілікке сіңірілген тұжырымы болып шығады. Егер бұл сарынның субъектісі неғұрлым зиялы, халық арасында беделді болса, соғұрлым оның пессимистік сарындары қоғамдық санада орныға түседі деген ой қисыны өздігінен туындап шығады.

в) адамзат қоғамындағы құлдырау деп жүрген құбылыстар табиғи эволюцияның балансы мен реттеушілігі, сондықтан оларды «құлдырау» деп айта алмаймыз. Адамзаттық құндылықтардың өзгеруі құлдырау емес, эволюцияның өзі тағайындаған, табиғаттың өзі қалаған өзгерістермен шартталады. Мысалы, бір жыныстылардың некесі (моральдік құлдырау) – жер бетіндегі адам санының табиғи реттеушілігі (эволюциялық баланс). Ұрпақ қалдырылмаған некелер жер бетіндегі адам санын өсірмеу үшін табиғаттың өзі тағайындаған қажеттіліктер. Жетімдер мен жесірлердің көп болуы, қауіпті қылмыстардың артуы, іргелі жанұялық қатынастардың ыдырау беталысы т.б. моральдік құлдыраушылық сияқты болып көрінетін әлеуметтік құбылыстар адам санын реттеуге құрылғандығының логикасына келі саяды.

2. Шындығында, бұған жауап беру қиын, белгісіз, құлдырау бар немесе жоқ де кесіп айту мәселені біржақты шешу болып табылады: а) моральдік рухани құндылықтар заман өткен сайын ауысады, оның бірнеше жылдық объективті-тарихи эволюциясы бар, бірақ ол ауысудың дұрыс немесе бұрыс бағытта екендігін өлшейтін нақты параметрлер жоқ; М. Вебер айтқандай, қоғамда құндылықтар қашанда, салыстырмалы болып келеді. Яғни, ол қашанда өмірге бейімделу мен қоғамның талаптары мен қажеттіліктерін өтеу үшін құрылады. Моральдік құндылықтардың ауысуы дұрыс бағытта да, бұрыс бағытта да болуы ықтимал. Егер ол жаппай сипат алып, адамдарға тиімді, пайдалы болып құрылатын болса, ол прагматистік тұрғыдан алғанда «дұрыс» болып та шығады.

б) дәстүрлі, қалыптасқан мораль мен адамгершіліктің өзінде ненің «дұрыс», ненің «бұрыс» екендігін ажыратудың өзі қиын (релятивизмге жуықтайды); Бүгінгі дұрыс, ертеңгі теріс, арғы күні азғындық болып шығады немесе керісінше, мысалы, Кеңестік дәуірдегі коммунистік моральдің құндылықтарының көпшілігінің ауысуы. Ол кездегі тіпті заңмен қудаланатын алыпсатар нарықтық қоғамда дәріптеліп, коммерсантқа, жеке кәсіпкерге айналып шыға келді. Адамның дене мүшелерін ауыстыру осыдан бірнеше жыл бұрын, дін мен мораль, тіптен, биоэтика қырсы шыққан антигуманистік сипатты болса, бүгінгі таңда ол ізгіліктілікке жуықтайды. Демек, олай болса, сәйкесінше, бүгінгі гендерлік саясат уақыты келгенде, аморальдік құбылыс болып шығу ықтимал. Бұл үдерісті Г. Ф. Гегель айтқан: «Бүгінгі ақылға сыйымсыз нәрсе, ертең ақылға сыйымды болып шығады, себебі, оның бойында әуелден-ақ ақылға сыйымдылық бар, ал ақылға сыйымды нәрсе ертең ақылға сыйымсыз болып шығады, себебі, оның бойында әуелден-ақ ақылға сыйымсыздық бар» деген диалектикалық тұжырыммен анық түсіндіруге де болады.

в) расында, моральдік құлдырау сарынының бірнеше жылдық тарихы бар, сонда, әлі күнге дейін құлдырап келе жатқан адамзаттың мүлде құрдымға кететін уақыты болған сыңайлы ғой т.б. Бұл сарынды әр іс Сократтың идеяларынан бастап (көне заман), Яссауидің қазіргі заман адамдары рухани азғындаған деген пікірімен сабақтастырып (орта ғасыр), Абайдың «Заман ақыр жастары, Қосылмас ешбір бастары. Қойнына тыққан тастары» деген толғауларымен жалғастырып, бүгінгі күнгі «моральдік футурологиялық пессимизм» деп атауға болатын көзқарастармен тұжырымдауға болады. Мәселен, XI ғасырда өмір сүрген шығыс жұлдыздарының бірі – Омар Хаямның 21 рубайының мазмұнына үңілсек: «Пайда жоқ бұл заманда толы дастан, Жақсы ғой жұртпен сирек жолығысқан. Біреуге серігім деп сене қалсаң, алдымен саған соның өзі дұшпан» [1].

Ендеше, «моральдік құлдырау сарыны қай қоғамның болмасын, зиялыларының жалпы дүниетанымының атрибуты» деген қортынды жасауға да болады. Бұл тұста, керісінше, «Мүмкін олар, сол құлдырауды болдырмаудың табиғи түрде тағайындалған қорғаныш тетіктері шығар» деп те болжамдауға болады.

3. Моральдік-рухани құлдырау «бар» деп айта аламыз: а) ол бұрын «арифметикалық» (шамамен бағдарланған) прогрессиямен болса, қазір «геометриялық» (шамамен бағдарланған) прогрессиямен өсу үстінде. Сондықтан да, құлдырау ішінара, аймақ бойынша, бірте-бірте өршіп келеді.

б) оның нақты өмірдегі мысалдарын көптеп келтіруге болады, оны кез-келген тұлғаның өмірлік уақыты бойынша да аңдауға болады: қылмыстардың санының артуынан, табулардың жойыла бастауынан, дінге сенетін мұнафықтардың көбейе түсуінен, діни экстремизм мен терроризмнің кең қанат жаюынан, жанұялық қатынастардың іргесі сөгілуінен т.б. анық көруге болады. Қазіргі кез-келген ересек адам өзінің балалық шағындағы қоғамдағы рухани құндылықтар мен есейген шағындағы құндылықтарды салыстырып қарап байқауға болады. Тіптен, оны жыл сайын құлдырап бара жатқан моральдік дағдарыстар арқылы да анықтай аламыз. Мысалы, кейінгі жылдары пайда болған шет елдерге бала сату, бір жыныстылардың некелерінің заңдастырылуы т.б.

в) құлдырауды абсолютті діни, салт-дәстүрлік моральдік құндылықтармен салыстырып қарауға болады т.б. Әрине, таза абсолютті ақиқат болуы мүмкін емес, дегенмен, салыстырмалы абсолютті ақиқаттар (таза салыстырмалы емес) бар: діни, моральдік, дәстүрлік, ата-бабаның жалғастырған жолы, өткенге деген құрмет т.б. этикалық, эстетикалық, логикалық ақиқаттарды басшылыққа алсақ, моральдік құндылықтарды бар деп айта аламыз. Мыңдаған жылдар бойғы қалыптасқан ұлттық моральдің іргеттасы болатын әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің құлдырауы мұны анық көрсете алады. Жалпы алғанда, дүниежүзіндегі халықтың 90 пайызынан астамы дінге сенетін болса, неліктен жер бетінде жылына миллиондаған адамдар аштан өледі, неліктен олар дәрі-дәрмекке, азық-түлікке үнемі мұқтаж жағдайда қаза табады, неліктен адамзаттың үштен екісі тойып

тамақ іше алмайды т.б. [2]. Сонда, қазіргі өркениетті адамзат қоғамындағы адам құқықтарын қорғайтын: БҰҰ, Дін, адамзаттық мораль, заң, тәрбие (педагогика, этика ғылымдары) т.б. адамгершілікті реттеп отыратын әлеуметтік институттардың қызметтері туралы не айтуға болады?!

Дегенмен, осы пікірталасты көзқарастардан, қазіргі адамзат қоғамында рухани-моральдік құлдыраулардың бар екендігін көре аламыз. Бүгінгі таңда адамзатты алаңдатқан бұл ахуалды қазіргі экономикалық дағдарыстармен (Грекиядағы, Қытайдағы т.б.) ұқсатуға болады. Адамзат бұндай моральдік құлдырау беталысының әрі қарай жалғаса бермеуі тиіс емес екендігін түйсінеді және жедел арада оны тоқтату қажеттігін түсінеді.

Біздіңше, оның шаралары тұтастай қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып, іргелі өзгерістер тудыруға алып келіп, өмір сүрудің жана бір, тың бағдарын қалыптастыруға жетелейтін сынайлы. Сондықтан, бұл ұлы өзгерісті АҚШ-тағы «Жыныстық төңкеріске», КСРО-дағы, Қытайдағы «Мәдени төңкеріске», Еуропадағы ХҮІІІ ғасырлардағы «Буржуазиялық төңкеріске» анаологиялық түрде «Рухани-моральдік төңкеріс» деп атауды жөн көрдік.

Сондықтан, болашақта болуы ықтимал немесе іске асуы тиіс «Рухани-моральдік төңкерістің» мынадай негізгі бағдарларын ұсынамыз:

1. Егер де, бұндай құлдырау жалғаса беретін болса, ол да адамзатты алаңдататын аса қауіпті дертке айналып, болашақта, ол да экология, соғыс қаупі, артта қалған мемлекеттердің ахуалы сияқты ғаламдық мәселелердің қатарынан орын алады деп болжамдай аламыз. Себебі, оның зардаптары әзірге анық байқала қойған жоқ, себебі, моральдің объективті негіздері тиянақты зерттелмеген. Сондықтан да, «моральді орындамай-ақ қойса не болады, орындамаған адамдар да гуманисттермен қатар, қалыпты өмір сүруде ғой» деген сияқты сауалдар шешімін тапқан жоқ [3]. Егер де, адамзаттың моральдік рухани құлдырауы шектен шыққан жағдайда не болатындығы туралы модельдер жасасақ, оны елестетсек, болашақты бағамдаудың өзі қиын емес. Демек, ол аса маңызды, жалпы адамзатқа ортақ, шешімін табуы тиіс, ұлғайып кетсе, адамзаттың болу немесе болмау мәселесін туындатқандықтан, «Ғаламдық мәселелер философиясының» қатарына «Рухани ғаламдық мәселелерді» де енгізе отырып, оның негізгі орталығы ретінде рухани-моральдік сапарларды сақтап қалуды қоюды ұсынамыз.

2. Құқық пен мораль арақатынасын негізге алсақ, бұрынғы құқықтық ережелердің тым аз болып, оның қазіргі көптеген шарттары мен заңдары моральдің шеңберінде сақталғандығы туралы елестете аламыз. Нақтырақ айтқанда, қазіргі құқық моральдік ережелермен толығып, сәйкесінше, мораль өзінің арнасын құқықтың «басқыншылығы» арқылы тарылып келеді деген сөз. Яғни, олай болса, болашақта адамзаттың моральдің құлдырауын тежейтін шаралардың бірі – құқық пен заң болмақ. Адамның ішкі еркіне берілген, орындауға да, орындамауға да болатын моральдік ережелер бірте-бірте азайып, ауқымы таралып, өз орнын құқықтарға береді. Нақтырақ айтқанда, ол орындамаған жағдайда заң бойынша жазаға тартылатын болады, моральдік кодекстер одан әрі бірнеше жылдар бойы интенсивті-экстенсивті түрде жетілдіріледі. Мысалы, коммунистік мораль кезіндегі тұрақты отбасы болу – бірте-бірте заңдық-нормативтік ережелерге айналғандай болды деуге де болады. Бүгінгі күнгі де ата-анасын қарттар үйіне өткізгендерге салық салу туралы ұсыныстар айтылуда.

Моральдің құқыққа өтуі қағидасы бойынша, мысалы, отбасылық қатынастарда: ерлі-зайыптылардың бір-біріне ілтипат көрсетпегендігі үшін; өзара кикілжіңге түсіп, балаларына психологиялық тұрғыдан жағымсыз ықпал еткендігі үшін, ерлер немесе әйелдер өздерінің отбасылық қызметтерін дұрыс атқармағандығы үшін, ерінің немесе әйелінің намысына тигендігі үшін т.б. баптар шығарылуы ықтимал деп болжамдаймыз.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастарда: біріне-бірі өтірік айтқандығы үшін, қайырымдылық шараларын жасамағандығы үшін; менсінбеушілік немесе өзіншілдік көрсеткендігі үшін; жағымсыз көзқараспен қарағандығы үшін т.б. баптар енгізіліп, ол жазаға тартылатын болады.

3. Бүгінгі таңда этиканың этикетке айналу үдерісі белең алып келеді. Бұл, әрине, бір қырынан жағымды, екінші бір қырынан алғанда, жағымсыз және алдамшы құбылыс. Сондықтан да, болашақта этика мен этикеттің қатаң ажырауы басталады. Мысалы, «Этикеті бар, бірақ этикасы жоқ адам» немесе керісінше, «Этикасы бар, этикеті жоқ адамдар» қатаң ажырауы тиіс. Бастапқы бүгінгі таңда қала адамына тән болса, соңғысының үлгісін ауыл адамдарынан көруге болады. Демек, этикет адамдр арасындағы сәлемдесуден басталатын бастапқы қарым-қатынас үшін қажетті құрал

немесе «жалғандық пен жасандылыққа құштарлық» болып қабылданса, этикет адамның таза шынай болмысын беретін табиғи-рухани, биік-асқақ қасиетке айналады дегенді білдіреді. Сонда, болашақта этикетке ұмтылушылықты этикаға ұмтылушылық алмастырады.

4. Бұл келесі кезекте, «рухани-адамгершілікті» және «адамгершіліксіз» адамдардың ара жігін толық ашып беріп, қоғамдағы бай-кедей, үстем тап жұмысшы сияқты әлеуметтік қабаттарға анаологиялық түрде, қоғамдағы рухани қабаттар құрылымын түзеді. Мысалы, Кеңес дәуірінде «бай-кедей-орташа» деген сияқты әлеуметтік қабаттар түсінігі болған жоқ, олар қоғамда шынайы өмір сүргендігіне қарамастан жарияланбады. Болашақта, қазір де ондай рухани жіктердің анық еместігіне қарамастан, «моральді адам» мен «аморальді адамның» дихотомиясы ажырап, ол әйгіленуі тиіс. Бүгін де оның нышандары жоқ емес. Бірақ көптеген діндер бұндай дихотомияға қарсы: бүгінгі азғын адамның, бірте-бірте имандылық жолына түсуіне мүмкіндігі бар деп есептеледі. Моральді-аморальділіктің – материалдық тұрғыдан жікке бөлінуінен және әлеуметтік вертикальді мобильділіктен басты айырмашылығы оның ген арқылы берілетіндігінде болып отыр. Біздіңше, бұл жік қоғамдық өмірдің әр саласында да әйгіленіп, анық ажырап, сәйкесінше әрбір тұлға өз орнын айқындауға ықпалдасатын басты факторлардың бірінен айналады. Мысалы, аморальді мен моральді тұлғалар бір-бірімен отбасын құра алмайтындай, құруы да мүмкін емес жағдайлар туындайды; жұмысқа қабылданған, орналасқан сәттерде де аморальді адамның мүмкіндіктер шектеледі т.б. Дегенмен, бұл идея түсініктірек болу үшін, оны экономикалық-тұрмыстық «бай-кедей» страттарымен жобалап салыстырып мынадай кесте құрастыруымызға болады:

№	Материалдық-экономикалық саладағы көрініс	Моральдік-Руханилық саладағы көрініс
1	Материалдық тұрғыдан бай мен кедейге бөліну	«Моральдік бай» мен «кедейге» бөліну
2	Бай мен кедей арасындағы жіктердің күшеюі	Моральдік бай мен моральдік кедей арасы алшақтай түседі (Мысалы, қазақтардағы текті-тексіз дихотомиясы сияқты)
3	Бай мен кедейдің күнделікті тұрмыстағы айырмашылығы (демалыс орындарындағы ерекшеліктер, жұптардың өзара сәйкес отбасын құру т.б.)	Моральдік бай мен моральдік кедейдің түпкілікті қатаң ажырауы басталады (азғын мен ізгіліктің қарым-қатынас орнатпауы, екеуінің тұрмыс құрмауы, бірін-бірі анық тануы т.б.)
4	Байлар мен кедейлердің көпшілікке ашық жария болуы	Азғын да, ізгілікті де елге танымал түрде жарияланады
5	Байлықтың құндылық ретінде бағалануы және оған баршаның ұмтылуы	Моральдік бай адам қоғамда басты құндылыққа айналады және оған ұмтылғандар да болады
6	Байлықтың мұрагерленуі және оның одан кейінгі ұрпақтарына да сабақтасуы	Ізгіліктілік те гендік, тәрбиелік қасиеттер арқылы сабақтасады (тектілік, «анасын көріп қызын ал» т.б.)
8	Кедейшілік артқан жағдайда болатын экзистенциалдық мәселелер (аштан өлу, дәрі-дәрмекке қаржы таба алай аурып өлу т.б.)	Азғындардың тұқымының бірте-бірте құруы, «әлеуметтік танатостың» ұлғаюы (мысалы, бір жынысты неке, баласын сату т.б. олардан ұрпақ қалмауы тиіс деген қағидамен эволюцияланады).
9	Бай мен кедей аражігінің тым алшақтай түсуі	Моральдік тазалық пен зұлымдар арасы тым алшақтай береді де, екеуі мүлде екі басқа «раса», басқа «биологиялық түр» сияқты қалыпқа дейін жуықтайды

Ескертпе. Материалдық байдың бәрі зұлым, кедейдің бәрі ізгілікті деген түсінік болмауы тиіс.

Бұндай дихотомиялық бастамалар немесе олардың нышандары бұрын да көптеген халықтарда ресми емес түрде болса да сақталған сынайлы. Мысалы, қазақ халқында «жақсы» мен «жаман», «жақсы әйел» мен «жаман әйел», «тектілік» пен «тексіздік» хақындағы дихотомиялар оларды рухани жік ретінде бөліп көрсетудің бастамалары деп айта аламыз. Өйткені, оларда «аздап жақсы», «аздап жаман», «аздап текті», «аздап тексіз», «орташа әйел» деген ұғымдар мен түсініктер жоқ екендігін ескерсек, біздің қатаң дихотомиялану туралы түсінігіміздің қисыны арта түседі.

5. Қазіргі таңда моральді реттеуші қызметін атқарып келе жатқан: дін, моральдің өзі, этика ғылымы, салт-дәстүр т.б. әлеуметтік институттар осы салада өз күшін бәсеңдеткен сынайлы. Әсіресе, дін мен дәстүрдің адамды мәжбүрлеуге, қорқытуға, үнемі есіне салып отыруға арналған этикалық императивтері де моральдік құлдырауға тежеу болатындай өзінің ықпалды күшінен айрылды немесе адамдар өз еріктерімен айырды [4]. Сондықтан да, философтар, психологтар,

элеуметтанушылар т.б. қоғамдық пәндер саласындағы қызметкерлер мен ғалымдар болашақта лажсыздан орындайтын жалпы адамзатқа ортақ жаңа императивтер түзілімін ұсынуы тиіс. Ол біздіңше, екі арнада өрбиді: 1) діни және ұлттық моральдің, философияның негізгі сакральді, эзотериялық, тылсым, байыпты ұстындарын рационалдандыруды негізгі алады; 2) еріксіз түрде орындауға тиісті (И.Кантқа аналогиялық түрде) жаңа императивтер тасқынын тудыруға жетелейді. Бұл – жоғарыда айтқандай, рухани ғаламдық мәселеле ретінде ХХІ ғасырдың гуманистерін, мораль мәселесіне алаңдамай қоймайтындарды «жалпы адамзатқа ортақ моральдік тұжырымдама» жасауға жетелейді.

Бұл тұжырымдамадағы негізгі ұстанымдарға мынадай талаптар қоямыз: баршаға қолжетімді (әркім білуі тиіс, көбейту кестесі, тауарлардың бағасы т.б. сияқты) және нақты, неғұрлым қысқа болуы шарт; бүкіл адамзатқа таралғандықтан сөз қуаты мен психологиялық сана енгізуді (внуше-ниені) пайдалануы тиіс; дін, құқық қолданып отырған мәжбүрлеушілік ықпалдар да пайдаланылады; дін мен дәстүр элементтерінің ықпалды шарттарын жаңартуға да ұмтылуы тиіс т.б. түптеп келгенде, кез-келген адам моральдік нормалардың қатаң талаптарын орындамауы мүмкін болып санаға бұйырылатындай болып шығады. Ендеше, оларды туындатудың 1-2 мысалдарын былайша көрсете аламыз:

1 Ереже. *Адамдарға жасаған жамандығың да жақсылығың да алдыңнан шығады, бірақ, жақсылықты алдымнан шықсын деген ниетпен жасамау керек, жасаған жамандығың алдыңнан шықпаса, ол ұрпақтарыңа дариды, одан қашып құтыла алмайсын!*

2 Ереже. *Арам ой, теріс пиғыл, қызғаныш сезімі т.б. жағымсыз мінез-құлқы, түптеп келгенде, адам ағзасындағы үйлесімділікті бұзып, психикалық ауытқуларға, әртүрлі басқа да физиологиялық ауруларға қарай жетелейді. Олай болса, адам ағзасы үнемі үздіксіз моральдік тұрғыдан тазарып отыруды қажетсінетін құрылым т.б.*

6. Еуропоцентризмнің билік сахнасын ығыстырылуы, сәйкесінше, шығыс пен түркі халықтарына деген кемсітушілік көзқарастарды бәсеңдетіп, олардың шынайы тарихына адамзаттың қайта оралатындығын ескерсек, түркі халықтарының әлемдік өркениетке қосқан үлестерінің айғақталып келе жатқандығын негізге алсақ, түркілік руханияттың адамзат эволюциясында айшықты орын алғандығына адамзат баса назар аударып, олардың моральдік-рухани құндылықтарының асқақ тұрғандығын амалыздан мойындауына жетелейді деп айта аламыз. Оның адамзат тарихында өзге де шығыстық-батыстық моральдің өркендеуіне кезінде айрықша үлес қосқандығының қайтадан жаңғыртылуына бүгін де мол мүмкіндіктер ашылып отыр. Олай болса, қазіргі кездегі жалпы-адамзаттық моральдік құлдырауды тежеп, жаңаша, игілікті, ізгілікті құндылықтар үлігісін түркілік моральдік құндылықтардан іздеу қажеттігін түйсінетін заман келіп жеткендігінің маңызы болашақта да арта беруі ықтимал деп пайымдай аламыз. Мысалы, бүгінгі таңдағы гендерлік саясат пен әйелге деген құрметтеушілік қағидалары көне түркілік тұрмыстық таным-түсінікте әуел бастан-ақ орныққан. Мысалы, «Башпай» күйінің шығу тарихына қатысты Қорқыт Ата хақындағы аңыздардың бірінде өлімнен қашып жүрген бабамызға қарындасы Ақтамақ үнемі тағам әкеліп беріп жүрген сәттердің бірінде Қорқыттың башпайы аңдамай қарындасына тиіп кеткен екен. Қорқыт оған назаланып, өкініп, «Мен өлгеннен кейін, бұл арам башпайымды көмбей сыртқа шығарып қойындар» деп өсиет еткен деседі.

Бүгінгі таңда да әлемде түркілік руханиятқа құрмет қараушылықтың бастамалары байқалып отыр: «Жеті атаға дейін қыз алыспау» т.б. Осы тұста, «Әлемдік сахнада италяндықтар бейнелеу өнерінде, немістер философияда.. түркілер мораль саласында танымал болды» (Қ.Әлжан) деген көзқарастарды да негізгі алсақ, біздің бұл болжамдауымыздың қисыны арта түседі. Олай болса, адамзатқа моральдік-рухани құлдыраудың алдын алатын әдіснамалық жаңа бағдар ұсынатын, үлгі болатын нұсқа, әрине, тек түркілік моральден құралады деп те кесіп айтуға болмас, дегенмен, әрбір халықтың игілікті және озық гуманистік үлгілерінің жиынтық бейнесінде, түркі-қазақтық этика маңызды орын алатын сыңайлы деп болжамдай аламыз. Бұл моральдік-рухани төңкеріс келесі кезекте өздігінен, саяси-экономикалық салаға да бірте-бірте ықпал ете алады. Дегенмен, бұл болжамдар тактикалық-стратегиялық немесе жақын болашақ бағдарлар болып табылады.

Орта немесе алыс болашақта моральдік құлдырауды реттеп, оны жүйелеп, дидактикалық тұрғыдан қайталап, санаға сіңіріп отыратын психологиялық-идеологиялық құралдар өзінің маңыздылығын жоятын тәрізді. Себебі, оны да қоғамның барлық саласын қамтуға бет алып келе жатқан

материалданған құрылғылар мен электрондық инструменттер алмастыруы ықтимал. Оның бірнеше нұсқалары мен үлгілерін былайша ұсына аламыз:

1. Әрбір адам өз еркімен тіркелген (мүмкін заң жолымен еріксіз) бір орталықтан басқарылатын жүйеге кіргізіліп, электрондық «Чиптер» бойынша бақыланып отырылады. Ол тек моральдік немесе қылмыстың алдын-алуы үшін емес, қоғамдық өмірдің көптеген салаларын да реттеп отыратын басты құрылғылардың біріне айналады [5].

Оның логикасын мынадай эволюциямен дәйектеуімізге болады: а) осыдан бірнеше мыңдаған жылдар бұрын адамдарда төлқұжат болмағандығы белгілі, мемлекеттік құрылымдар, ұлыстар, ірі тайпалар одағы орнағанмен, қазіргі тілмен айтқана, олар мүлде бақылаусыз, қоғам бақылай алмайтындай деңгейде болған. Төлқұжаттардың пайда болуы қоғамдағы адамдар анархиясы бірізділікке түсіретін «төңкеріс» тәрізді болды. Оны бүгінгі таңдағы төлқұжаты жоқ сығандар тобырының өмір сүру стилінің анархиялылығынан да байқауға болады. Бұны «бастапқы алғычиптік дәуір» деп атауымызға болады; б) Қазіргі төлқұжаттардағы нөмерлер, ИИН-дар, шифрлар, т.б. осы чиптендірудің келесі нышандары тәрізді. Оның басқы жазықтықтағы бейнесі бейне камералар, ұялы телефондағы карта номерлері, саусақ іздері т.б. да байқалып отыр. Осындай жүйе жетіле келе, адам қоғамдық және жалпыкөпшілік бақылаудан тыс бола алмайтындай деңгейге келгеннен кейін, аморальділіктен өздігінен-ақ алшақтай түседі деп айта аламыз. Ендеше, бұны **«моральдің электронды регуляторы»** деп атауымызға болады; в) қазіргі бастапқы нышандарының бірі «алдау детекторы», яғни, бұл уақыт өте келе, болашақтағы «моральдік чиптердің» жабайы түріне айналады (сымды телефонды осы детектормен, «моральдік чиптерді» – ұялы смартфондармен ұқсатып түсінуге болатын тәрізді).

2. Моральдік азғындау – қоғамда физиологиялық «аурулар» сияқты елестетіледі. Ауру қашанда, емдеуді қажетсінеді. Мысалы, қазіргі аморальдік мінез-құлықтар: педофилия, маниак т.б. психологиялық ауру деп бағаланатындығы тәрізді, қайырымдылық, шындықты айту т.б. қасиеттері жоқ немесе төмен адамдар да емдеуді талап ететін «аурулар» деп бағаланады. Жалпы жағымсыз психологиялық мінез-құлықтарды руханилық, психикалық, идеологиялық деп түсінушіктен гөрі бірте-бірте материалдылық деп ұғынушылық басым бола бастайды. Мысалы, анашаға, ішімдікке тәуелділікті қазіргі таңда психикалық тұрғыдан гөрі дәрі-дәрмекпен емдеуге деген бетбұрыстар осының бастапқы нышаны тәрізді. Олай болса, басқа да жағымсыз және аморальді қасиеттер де емдеуді қажет етіп сұранып тұратын аурулар ретінде бағаланып, оған қарсы антибиотиктер мен дәрілер шығарыла бастайды. Оны қазіргі адамды тыныштандыратын (успокойтельной) дәрілерден де байқауға болады. Мысалы, ашу үстіндегі әртүрлі аморальдік әрекеттерге баруы ықтимал адамды осы дәрілермен тыныштандыруға болады. Ендеше, осы тыныштандырғыш дәрінің әсер ету күшін тек уақытша емес, ұзақ уақытқа 30-40 жылға созатын болса, онда, қызуқанды, ашушаң адам мазасыздығынан босап, аморальді әрекеттерге бармайтын болады деген сөз. Олай болса, келешекте, тек ашушаңдық қана емес, барлық тұтас жамандық әрекеттердің алдын алатын, ашу мен ызаны тежейтін, адамға жадыраңқы көңіл күй сыйлайтын эмбебап медикаменттік препараттардың ойлап шығарылуы әбден ықтимал. Мысалы, халқымыздағы «тексіз», «қаны бұзық» сияқты ұғымдар адамның жағымсыз мінез-құлқын психологиялықтан гөрі физиологиялыққа, яғни, генетикалыққа апарып тірейді де, оның өмір бойы «дұрыс» жолға түсуінен үмітін үзгендік мағынасын жамап тұрғандығы сөзсіз. «Неліктен, қоғамдағы қылмыстардың көп бөлігін бостандыққа шыққан бұрынғы қылмыскерлер жасайды» деген сауалдың жауабы да осы ойлармен шешімін табады. Олай болса, тек қылмыскерлерді ғана емес, потенциалды қылмыскерлерді, аморальді адамдарды физиологиялық тұрғыдан емдеу «гуманистік ұстаным» болып шығады [6].

Адамзат медицинасының тәжірибесінде қазір жаңа туған нәрестеге кейбір аурулардың алдын алатын бірнеше вакциналар егіледі. Осыған аналогиялық түрде, орта немесе алыс болашақта аморальді немесе моральдік деңгейі төмен адамдарға да дүниеге келген сәтте барлық жағымсыз мінез-құлықтарынан арылып, ізгілікті қасиеттерді бойына өмір бойы дарытып жіберетін «мораль вакциналарын» енгізу қажеттігінің туындауы заңды логикалық құбылыс. Ендеше, бұны **«моральдің медициналық регуляторы»** деп атауымызға болады.

Бірақ бұл жерде мынадай маңызды сауал туындайды: «адамның моральдік сапаларының төмен-жоғарылығы қалай анықталады?». «Мораль диагнозы» деп атуға болатын медициналық препараттар пайда болуы ықтимал. Мысалы, «Айзенк тестісі» пайда болғанға дейін, адамзат интел-

лектіні өлшеу мен салыстыру, шкалалар бойынша дәл анықтау мүмкін емес деп ойлаған болатын. Қазір бұл сала дами келе, мидағы нейрондардың саны, жүргізілетін операциялар т.б. бойынша жалпы интеллектуальдік деңгейді нақты, дәл анықтауға мүмкіндіктер ашып келеді. Осыған аналогиялық түрде, келешекте, адамның моральдік деңгейін өлшеп алып, оның шкаласын анықтап, қажетіне сай диагноздар қойып (мысалы, орташа моральді – Z[w]1-2) беретін тексеру құрылғылары ойлап табылып, оған сай емделу мен терапия жасау жолдары анықталады.

Бұл – «моральдің медициналық регуляторы» үлгісі жай ғана эксперимент немесе зерігу емес, «адамзатты моральдік құлдыраудан қалай құтқарып қаламыз, гуманизм мен этиканы адамзат қалай сақтап отыра алады, сөйтіп адамзат өз тіршілігін қалай жалғастырады» деген сияқты аса маңызды, адам баласын қатты толғандыратын онтологиялық мәселелердің лажсыз туындыларының бірі болып табылатын тәрізді деп болжамдай аламыз.

Себебі, орта болашақтың адамдары ешқандай моральді құндылық ретінде бағаламайтын, дінді мойындамайтын (мүмкін тек сырттай ғана), заңнан да айналып өтетін немесе оны өз мүддесіне оңай пайдалана алатын, тәлім-тәрбиені менсінбейтін «антигуманистердің құдыретті тасқынын» құрайтын болады деп нұсқа ұсынуымызға болады, әйтсе де, біз оны «жасампаз оптимистік футурология» тұрғысынан шешуге ұмтылдық. Бірақ ондай жаңа моральдік типтер «ешкімге қайырымы да, зияны да жоқ» құр механикалық, салқынқанды, биороботтанған, бағдарламаланған адамдар тобырын ғана дайындайды. Жасалған қайырымдылықтардың өзі ішкі көңіл сезімімен емес, өзгеге жаны ауырғандықтан емес, санасына бағдарланған «әйтеуір солай болу керек қой» деген сияқты ішкі салқын императивтермен шектелетін болады. Сондықтан, «сезімді қайырымдылық» пен «сезімсіз қайырымдылықтың» ара жігі анық ажырап, сезімді-қайырымды адамдар адамзат қоғамында қастерлі тұлғаларға айналады, әрине, алдымен, олар өздерін-өздері қастерлейтін болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Омар Хайям. Рубайлар // Шығыс жұлдыздары / Құрастырған Қ. Жұмағалиев. – Алматы. – 43 б.
- [2] Nsonsissa Auguste. Ethical and philosophical remarks on the post-humanism. Sociétés. 2016 Web of science. Thomson Reuters. P. 51-60.
- [3] Terepiszczy, Sergiusz. Futurology as a subject of social philosophy. Studia Warminskie. – 2015. – Vol. 52. – Web of science. Thomson Reuters. – P. 63-74.
- [4] Morgan Blaire, Gulliford Liz, Kristjansson Kristjan. A new approach to measuring moral virtues: The Multi-Component Gratitude Measure. Personality and individual differences. – Vol. 107. – MAR 1 2017 p. Web of science. Thomson Reuters. – P. 179-189.
- [5] Usman Abur Hamdi, Shaharuddin Syarul Azman, Abidin Salman Zainal. Humanism in islamic education: indonesian references. International journal of asia pacific studies. – Vol. 13, Issue 1. – 2017. – Web of science. Thomson Reuters. – P. 95-113.
- [6] Beade, Ileana P. Observations regarding the relationship between ethics and right in the metaphysics of morals. Ideas y valores. – Vol. 65, Issue 162. – DEC 2016. – Web of science. Thomson Reuters. – P. 135-160.

REFERENCES

- [1] Omar Hayam. Rubailar. Shigis juldizdari. Kurastirgan K. Jumagaliyev. Almati. 43p.
- [2] Nsonsissa Auguste. Ethical and philosophical remarks on the post-humanism. Sociétés. 2016. Web of science. Thomson Reuters. P. 51-60.
- [3] Terepiszczy, Sergiusz. Futurology as a subject of social philosophy. Studia Warminskie 2015. Vol. 52. Web of science. Thomson Reuters. P. 63-74.
- [4] Morgan Blaire, Gulliford Liz, Kristjansson Kristjan. A new approach to measuring moral virtues: The Multi-Component Gratitude Measure. Personality and individual differences. Vol. 107. MAR 1 2017 p. Web of science. Thomson Reuters. P. 179-189.
- [5] Usman Abur Hamdi, Shaharuddin Syarul Azman, Abidin Salman Zainal. Humanism in islamic education: indonesian references. International journal of asia pacific studies. Vol. 13, Issue 1. 2017, Web of science. Thomson Reuters. P. 95-113.
- [6] Beade, Ileana P. Observations regarding the relationship between ethics and right in the metaphysics of morals. Ideas y valores. Vol. 65, Issue 162. DEC 2016 Web of science. Thomson Reuters. P. 135-160.

Берик Аташ¹, Турганбай Абдрасилов², Кайнар Калдыбай³

¹ КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

²МКТУ им. Х. А. Ясави, Туркестан, Казахстан

ПРОБЛЕМА НРАВСТВЕННОСТИ ЧЕЛОВЕКА С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ ФУТУРОЛОГИИ

Аннотация. В статье рассматривается актуальность философско-антропологического подхода к проблеме нравственности человека, сущность которого состоит в вычленении мета внешнего аспекта анализа наряду с анализом внешних и внутренних факторов развития человека и человечества. Современному человеку в условиях увеличивающегося объема информации, развития высоких технологий, многообразия экономических, политических и особенно культурных проектов, становится все сложнее найти пути дальнейшего развития, самоопределения. В условиях усложняющихся социальных отношений неудивительно стремление к определенности, уверенности в своих перспективах. Желание человека знать перспективы и успешно решать жизненные проблемы реализуется посредством интереса к футурологии. Для современного человека и человечества сохраняют актуальность основные вопросы, на которые так и не существует однозначного ответа, вопросы «кто я?» и «куда мы идем?». В условиях информационного общества человеку предлагают множество различных способов определения его будущего, при этом всякий раз претендуя на исчерпывающую полноту, а главным образом, на истинность.

Ключевые слова: человечество, философия, мораль, футурология и духовная зрелость.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 24.05.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
19,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 3.